



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№72
(2347)
Сенбі

13 қыркүйек
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

• Егін орағы – 2025

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНАН ТУЫНДАҒАН

ТАПСЫРМАЛАР САПАЛЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жолдаған болатын.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттер мен оны аудан көлемінде жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Жиында Жалғас Сүйеубаев Жолдауда айтылған бағыттар бойынша нақты шаралар қабылдап, оны сапалы іске асыру бағытында жұмыс атқару керектігін айтты. Осыған сәйкес, тиісті сала басшылары мен ауыл әкімдеріне Мемлекет басшысы айтқан ел экономикасын дамытудың 7 маңызды негізгі бағыттары - инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беру, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру, көлік логистикасын, экономиканы, адам капиталын, елімізді цифрлық дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғыртуға қатысты және басқа да салаларда Жолдауда көрсетілген әрбір бағыт бойынша берілген тапсырмаларды жүйелі іске асыруды тапсырды.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мен халықтың мүддесіне бағытталған Жолдаудың маңызына тоқталып, ел игілігі жолындағы жұмыстарды ауызбіршілікпен бірлесе атқаруға шақырды.

Мәжіліс соңында аудан әкімінің міндетін атқарушы ауыл әкімдері мен жауапты сала басшыларына күн тәртібінен бөлек басқа да өзекті мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар берді.

МОЛШЫЛЫҚ БАСТАУЫ – ЕГІНГЕ АЛҒАШҚЫ ОРАҚ ТҮСТІ

Қазалы ауданының Ақтан батыр ауылындағы «Береке» шаруа қожалығының дихандары егінге орақ салды. Шаруа қауымының ендігі мақсаты ауа райының қолайлы шағында ел ырысы - күріш дақылын ысырапсыз жинап алу.

«Береке» шаруа қожалығының егіс алқабында өткен егінге орақ салу рәсіміне аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев пен аудандағы зиялы қауым өкілдері, ауылдық округ әкімдері мен шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысты.

Егінге орақ салу алдында Жалғас Сүйеубаев еңбеккерлерді егін жинау науқанының басталуымен құттықтап, олардың жаз бойы су тапшылығымен күресіп, бейнетті еңбек атқарғандарына тоқталды.

-Бұл – дикандардың еккен бір дәні мың дән болатын, халықтың ризық- несібесін қамбасына құятын жауапты шағы. Биыл аудан бойынша 17 мың 445 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның 5636 гектарын күріш құрады. Соңғы жылдары орын алған су тапшылығын аудан дихандары нақты сезінді. Биылғы жылы вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті. Осыған орай, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес су тапшылығы жағдайына байланысты Үкімет резервінен жылжымалы дизельді

насос алуға қаржы бөлініп, насостар ауданымызға жеткізіліп, шаруалар игілігіне пайдаланды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өңірлердегі қызметкерлері ауданға келіп, екі ай бойы шаруашылықтардың егін алқаптарына су жеткізіп беріп, көмек көрсетті. Олар уақытпен санаспай жұмыс атқарды. Нәтижесінде, қиындықтарға қарамастан егіс көлемін барынша шығынсыз өсіруге қол жеткіздік. Сондықтан Президентімізге, Үкімет басшысына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Төтенше жағдайлар, Су ресурстары, иригация министрліктеріне және аймақ басшысына көрсеткен қолдаулары үшін шынайы ризашылығымызды жеткіземіз. Баршаңыздың еңбектеріңізге сәттілік тілеймін, қамба астыққа толсын, қырмандарыңыз таси берсін!, - деді Ж.Сүйеубаев.

Дала төсінде өткен жиында ала жаздай маңдайы күнге, табаны құмға күйген еңбек адамдары марапат төрінен көрінді. Мұнан соң ауыл шаруашылығы саласының ардагері, «Жалаңтөс» ЖШС директоры Қасқырбай Әлімбай ақ батасын беріп, егін орағының лентасы салтанатты түрде қиылды.

Күрішке орақ салу рәсімі жылдағы дәстүрге сай «Дала күні»-2025 атты семинар-кеңеске жалғасты.

Семинар-кеңесте аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов күріш жинауға дайындық туралы баяндап, егінді суармалы сумен қамтамасыз ету, су ақысы төлемдерінің жәйі және су жолдарын жөндеу жұмыстары жөнінде «Қазалысушар» өндірістік учаскесі басшысының орынбасары Жанбай Садық өңгімеледі.

Семинар-кеңесті қортындылаған Жалғас Сүйеубаев жаздың шіліңгір ыстығына қарамастан нәтижелі жұмыс атқарған дихандардың еңбегін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, алдағы міндет ел ризығын шашпай-төкпей, жауын-шашынға ұрындырмай егінді жинап алу керектігін баса айтты.

Және де егілген егінді ысырапсыз мерзімінде жинап алу үшін аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтовке және ауыл әкімдері мен шаруашылық басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатовқа егінге түскен, қараусыз, бағусыз жүрген малдардың иелеріне айыппұл салуды тапсырды.

Егінге алғашқы орақ салу рәсіміне қатысушылар алдымен Жанқожа баба кесенесіне барып, баба рухына құран бағыштау шарасына қатысты.

БАБА ҚЫЛЫШЫНЫҢ КӨШІРМЕСІ АУДАНДЫҚ МУЗЕЙГЕ ҚОЙЫЛДЫ

Ұлт намысын ту еткен халқымыздың даңқты батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының көзі тірісінде қолданған қасиетті қылышы ҚР Ұлттық музей қорында сақтаулы тұр. Тарихи құнды жәдігердің көшірмесін Жанқожа баба қоры есебінен Қазалыдағы аудандық музейге әкеліп тапсырылды.

«Руханият» орталығындағы аудандық музейде өткен «Ұлы ерлікке тағзым: Жанқожа батырдың қылышы – ұрпақ аманаты» атты тарихи-танымдық шараға аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер және баба ұрпақтары қатысты. Шара басталмас бұрын алдымен қонақтар Жанқожа баба кесенесіне барып тағзым етіп, баба рухына арнап құран бағыштады. Аудандық музейде өткен тағылымды шараны Жалғас Сүйеубаев сөз сөйлеп ашып, батыр бабаның ұстаған қасиетті қылышын ел жадына, ұрпақ санасына аманат-

тау рәсіміне арналған тарихы мол танымдық шараның маңызына тоқталды. Сондай-ақ, -Бұл — тек бір жәдігерді тапсыру емес, бүтін бір ұлттың ерлік рухын құрметтеу. Тарихи шежіренің көшірмесін жасатып, батырдың туған өңіріне жеткізіп тапсырып жатқан «Жанқожа баба» қорына шынайы алғысымызды білдіреміз, - деді Жалғас Сүйеубаев.

Мұнан кейін ауданның өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан еңбек ардагері Берік Бисембаев пен батыр бабаның ұрпағы Алғашбай Байкөбеков сөз сөйлеп, Жанқожа Нұрмұхамедұлының өзі қолданған қылышының көшірмесін жасатып әкелу тек Баба қорының ғана емес осында жиналған барша қауымның еңбегі екенін атап өтті.


Шара барысында Жанқожа баба сияқты ұлы тұлғалардың өмір жолын зерттеп, кеңінен насихаттау арқылы халықтың рухани байлығын арттырып келе жатқан аудан та-

рихшылары да сөз сөйлеп, Бабаның өмір жолы жайлы деректерді көпшілікке жеткізді. Мұнан соң Батыр Бабаның қылышын ұрпақтары мен зиялы қауым өкілдері экспозицияға қойып, шараға жиналған жұртшылық құнды жәдігердің көшірмесін тамашалады.

Айта кетейік, ҚР Ұлттық музей қорында сақтаулы тұрған батыр бабаның қылышы алдымен украиналық зерттеуші мамандардың қолына түскен. Кейін Ресейде арнайы сараптамадан өткізіліп, оны Қазақстан азаматтары сатып алып, Ұлттық музейге табыстаған. Қылышты Жанқожа Нұрмұхамедұлына Кенесары хан сыйға тартқан делінеді. Батыр оны жауға қарсы шайқаста өзі қолданған. Жәдігердің екі жағында арабша жазу бар. Бірінде «Жанқожа Нұрмұхамедұлы баһадүрге саурат (сыйлық)», екіншісінде «Созақ, 1845 жыл» деп жазылған.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»**

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР: ӘДІЛДІКKE ЖАҢА ҚАДАМ



2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасында сот жүйесінде ауқымды реформалар жүзеге аса бастады. Соның ішінде ең елеулісі – жаңадан кассациялық соттардың құрылуы. Бұл қадам сот төрелігінің тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған маңызды өзгерістердің бірі болып саналады.

Кассациялық сот – бірінші сатыдағы және апелляциялық соттардың

шешімдері мен үкімдерінің заңдылығын тексеретін жоғарғы деңгейдегі сот сатысы. Яғни, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер бойынша тараптар аудандық немесе облыстық сот шешімдерімен келіспеген жағдайда, енді тікелей кассациялық сатыға жүгінуге мүмкіндік алады.

Аймақтық қамтуы: Кассациялық соттар еліміздің ірі өңірлік орталықтарында орналасты. Бұл – халыққа қолжетімділікті арттырады.

Мамандану: Сот құрамына тәжірибелі судьялар тартылып, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша бөлек алқалар жұмыс істейді.

Жаңа стандарттар: Шағымдарды қарау мерзімі қысқартылып, процестің ашықтығы қамтамасыз етілуде.

Цифрландыру: Электронды форматта өтініш беру және сот актілерін қадағалау мүмкіндігі кеңейтілді.

Әділ сот төрелігін қамтамасыз ету; Сот шешімдерінің сапасын көтеру; Халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру; Құқық қорғау жүйесіндегі реформаларды нығайту.

Жаңадан ашылған кассациялық соттар – сот жүйесінің дамуындағы жаңа кезең. Бұл институт әділдікті қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына қосымша кепілдік береді.

Мұрат ОСПАНОВ,
Қазалы аудандық
сотының судьясы

«АБАЙЛАҢЫЗ-БАЛАЛАР!» АТТЫ АКЦИЯ

Жыл сайын дәстүрлі өткізілетін «Абайлаңыз-балалар!» атты республикалық акция ауданымызда биылда жалғасын тапты.

Жаңа оқу жылы кезінде жасөспірімдер мен балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын-алу және олардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын нығайту мақсатында, ағымдағы жылдың 25 тамыз-10 қыркүйек аралығында аудан көлемінде «Абайлаңыз-балалар!» атты акциясы өткізілді.

Балалардың қауіпсіздігі- баршамызға ортақ іс. Сондықтан құрметті ата-аналар, аудан тұрғындары мен қонақтары сіздерден кәмелетке толмаған балаларға авто-мото көліктерін және скутер, мопед, самокат электрлі құрылғыларын басқаруларына жол бермеулеріңізді сұраймыз.

Бүгінгі қоғамда ең қымбат қазынамыз- жас ұрпақтың амандығы мен қауіпсіздігі. Ел болашағы саналатын балалардың дені сау, ойы өсуі тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екені сөзсіз. Осы орайда еліміздің түкпір-

түкпірінде дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан «Абайлаңыз- балалар!» атты акцияның маңызы айрықша.

Акцияның мақсаты-балалардың жол көлік оқиғаларынан зардап шегуін болдырмау, ата-аналар мен жүргізушілердің, қоғамның назарын қауіпсіздік мәселелеріне аудару. Әсіресе балалардың білім беру ұйымдарына /сабаққа/ барып-қайтуын, бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз өткізуін қамтамасыз ету-маңызды міндет. «Абайлаңыз-балалар!» атты акциясы- уақытша науқан емес, балаларымызға ой салар үлкен ескерту. Өйткені әрбір бала- ата-ананың үміті, елдің ертеңі. Балалардың қауіпсіздігіне көңіл бөлу -жарқын болашақтың кепілі болып саналады.

Ұмытпайық: Балалардың амандығы- баршамыздың бақытымыз.

Махаббат ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Қазалы ауданы
Полиция бөлімінің
Ювеналды полиция тобының
аға инспекторы,
полиция майоры

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше

жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың IV– тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-12.00 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан пара алу мен пара берудің жолын кесу мақсатында бүкіл қоғам болып белсенділік танытқанымыз жөн.

Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарға бой алдыруының себептері әртүрлі. Кейбір қызметкерлердің кәсіби әдептілігінің жетіспеуі немесе жеке басының қамын ойлауы, жалақының аз болуы және тағы басқа себептер. Осындай қылмыстарға жол бергізбеу үшін қызметкерлерге тоқсан сайын құқықтық оқыту жүргізілуде. Мекеме қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

2025 жылы «Ақжона» ауылдық округі әкімі аппаратында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сыбайлас жемқорлық, қылмыстарының алдын алу бағытында бірнеше шаралар ұйымдастырылды. Ағымдағы жылдың наурыз айында «Заңның үстемдігі және жемқорлықпен күрес» атты «Ақжона» ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері арасында ой бөлісу өтті. Ұжым қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» жағдайын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бағытында өз ой-пікірлерін ортаға салды.

16 шілдеде «Ақжона» ауылдық округі әкімі аппаратында «Майдакөл» ауылдық клубы мен «Майдакөл» ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында «Елімнің болашағы – менің қолымда» атты кездесу өткізілді. Шараға ауылдық округтегі мекеме басшылары, қызметкерлері, Жиенбай Ишан мешітінің имамы қатыстырылды.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуі, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Біз жемқорлыққа қарсымыз. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлық болмауы үшін қоғам болып бұл індетке қарсы тұрайық.

Әлішер ЖАҚСЫБАЙ,
«Ақжона» ауылдық округінің әкімінің
міндетін қоса атқарушы

ЖҰМАБАЙ ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



Жұмабай Жақып 1945 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, «Райым» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1962 жылы Қамыстыбас №21 орта мектебін, 1964 жылы Қазалыдағы теміржолшылар даярлайтын училищені, 1976 жылы Қазақтың Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетін бітірген. Отан алдындағы борышын өтеп келген соң еңбек жолын 1970 жылы Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінде корректорлықтан бастап әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. Мұнан кейін Сырдария аудандық «Сырдария» газетінде радио бөлімінің меңгерушісі, облыстық телерадиокомпаниясында аға редактор, Арал аудандық радио хабарын тарату редакциясында жауапты редактор, аудандық «Толқын» газетінде жауапты хатшы, аудан әкімінің баспасөз хатшысы болып қызмет істеді.

Жұмабай Жақсылықұлы 1999 – 2009 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінің Арал, Қазалы

аудандарындағы аймақтық тілшісі, Арал аудандық «Толқын» газетінде редактор – директор қызметтерін атқарды. Ол ақын, журналист, жазушы ретінде облысымызға кеңінен танылған қаламгер. Оның өлеңдері облыстық, республикалық басылымдарда жарияланды. 1977 жылы Қарақалпақ АССР – інде басылып шыққан Қызылорда, Қарақалпақ ақындарының өлеңдер жинағына шығармалары енген. «Теңіз қызы мен тау жігіті» атты ертегі-повесі «Жалын» баспасының 1991 жылғы бейгесінде жүлделі орын иемденсе, «Алақай, теңіз келеді, көкем келеді!» атты әңгімесі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 15 жыл толуына орай Мәдениет Министрлігі мен «Қазақмыс» компаниясы өткізген «Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту» атты патриоттық тақырыптағы үздік көркем шығармалар байқауында жеңімпаз деп танылды. Оның ертегілері облыс ақын-жазушыларының «Жүректегі жауһарлар» атты жинағына енді.

Ұзақ жылдардағы журналистік зерттеу еңбегінің нәтижесінде Жетес бидің шешендік сөздеріне арналған «Жетес би» және «Теңіз қызы мен тау жігіті», «Шешілген түйін», «Аралдық Бауыржанның әзіл әлемі» атты прозалық, «Жастық шақтан бір белгі» атты өлеңдер кітаптары жарық көрді. Сонымен бірге, Арал ауданының атаулы жылдарына арналған «Тарихи тұлға, тілді би» (2005 ж), «Ән әлемінде, жүрек тереңінде» (2007 ж), «Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар» (2008 ж), «Әлем таныған Арал» (2009 ж), «Қазақ рухын көтерген Қарақұм құрылтайы» (2010 ж),

«Тәуелсіздік толғауы» (2011 ж) кітаптарының құрастырушы редакторы.

Жұмабай Жақып – сазгер-күйші ретінде ауданның мәдени өміріне белсене араласып жүрген талант иесі. Ол 1979, 1980, 1982, 1985, 1995 жылдары облыстың ақындар айтысына күйшілік өнерімен қатысып, дипломант атанған, отыздан астам ән-күйдің авторы. «Құм кешкен керуен», «Отырардың оянуы», «Отырар сарбаздарының маршы», «Отырардың толғауы» атты топтама күйлері мен Қорқыт бабамызға арналған «Желмаялы Қорқыт», Абай Құнанбаевтың өлеңіне жазылған «Қараңғы түнде тау қалғып», Манап Көкеновке арналған «Арқалы ақын айтыста» атты туындыларының шоқтығы биік. Ол 1983 жылы Қармақшы ауданында өткен сазгер-күйшілердің облыстық байқауында жүлделі үшінші орын иеленген өнер иесі.

Жұмабай Жақып Қазалыдан шыққан күйшілер: Жалдыбай Елекеев, Қобылаш Жаймұратов, Нұрмағамбет Әлиев жайлы мақалалар жазып, күйшілік өнерді насихаттады. Сол арқылы атақты Қазанғап күйшінің замандасы Сыр елінің саңлақ сазгері Мырза Тоқтаболатұлының өмірі мен шығармашылығын зерттей жүріп, «Тұмар» баспасынан «Сазгер-күйші Шал-Мырза» атты кітабын шығарды.

Сазгер-күйші Ж.Жақыптың жеке орындауында 1984 жылы Қазақ телевидениесінде және бірнеше мәрте облыстық телевидениеде арнайы сазды-әуендік хабарлар берілді. 2015 жылы облыстық Ә.Тәжібаев атындағы орталық кітапханада «Қалам менен домбыра – қос қанатым» атты әдеби-әуездік

шығармашылық кешін өткізді.

Жұмабай Жақыптың шығармашылығы әр жылдарда өз бағасын алды. Атап айтсақ, 2002 жылы «Облыстың үздік журналисі», 2003 жылы Арал ауданының «Үздік журналисі» атанып, екі мәрте облыстың Құрмет грамотасымен, «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен, облыстық «Тұран» сыйлығымен марапатталған. Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты. Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар, Халықаралық Жазушылар Одақтарының мүшесі, Арал ауданының Құрметті азаматы.

Жұмабай Жақып 2014 жылдан бастап «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Арал аудандық филиалының төрағасы болды. 2017 жылдан бері өзі ұйымдастырған «Арал аудандық Зейнолла Шүкіров атындағы шығармашылық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және «Арал әлемі» газетінің редакторы.

Қорыта келгенде, жазушы, журналист, сазгер-күйші Жұмабай Жақып Арал ауданының баспасөзімен бірге әдебиетімен мәдениетіне өзіндік үлес қосып жүрген талантты, танымал шығармашылық өкілдерінің бірі. Жолдасы Мариямен бірге үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіріп отырған үлгілі отбасы иесі.

Айберген ТАМАШ,
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі Қазалы аудандық филиалының төрағасы

СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ ТӘРТІБІ



Апостиль – 1961 жылғы Гаага конвенциясына қатысушы мемлекеттердің аумағында құжаттардың заңдылығын тану үшін енгізілген арнайы мөртаңба (куәлік). Ол құжаттың түпнұсқалығын, лауазымды тұлғаның қолы мен мөрін растайды. Апостиль қойылған құжат шетелде қосымша консулдық заңдастырудан босатылады.

Сот органдарынан шығатын құжаттар қатарына мыналар жатады:

сот шешімдері, үкімдер, қаулылар; сот анықтамалары; сот бұйрықтары; сот актілерінің көшірмелері мен үзінділері; сот органдары берген ресми анықтамалар.

Қазақстан Республикасында сот құжаттарына апостиль

қоюды Әділет министрлігі жүзеге асырады. Яғни, сот актілері мен басқа да ресми құжаттарды апостильдеу үшін азаматтар Әділет министрлігінің аумақтық департаменттеріне немесе «eGov» электронды үкімет порталы арқылы жүгінеді.

Апостиль қою тәртібі

1. Өтініш беру. Жеке тұлға немесе заңды тұлға уәкілетті органға өтініш береді.

Өтініш қағаз түрінде немесе электронды түрде берілуі мүмкін.

2. Қажетті құжаттарды тапсыру.

Апостиль қойылуы тиіс сот құжатының түпнұсқасы немесе заңды көшірмесі.

Жеке куәлік (өтініш берушінің). Өкіл арқылы жүгінген жағдайда – нотариалды сенімхат.

3. Мемлекеттік бажды төлеу. Қазақстанда апостиль қою үшін белгіленген мемлекеттік баж төленеді.

4. Құжатты қарау мерзімі. Әдетте құжат 5 жұмыс күні ішінде қаралады.

Жеделдетілген тәртіппен

апостиль қою мүмкіндігі де қарастырылған (қосымша төлем негізінде).

5. Апостильді алу.

Құжатқа арнайы мөртаңба қойылды немесе электронды нұсқада расталады.

Апостиль қойылған құжат шетелде ресми күшіне ие болады.

Апостиль тек Гаага конвенциясына қатысушы елдерде жарамды. Егер құжатты конвенцияға қосылмаған мемлекетке тапсыру қажет болса, онда консулдық заңдастыру рәсімі жүргізіледі.

Кейбір елдер қосымша аударманы талап етеді (мемлекеттік тілге немесе ағылшын тіліне).

Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою – халықаралық құқықтық қатынастарда құжаттың түпнұсқалығын растаудың жеңілдетілген жолы. Бұл рәсім Қазақстан азаматтарына және ұйымдарына шетелде сот құжаттарын тану процесін едәуір оңайлатады.

Абылайхан АРҒЫНҰЛЫ,
Қазалы аудандық соты әкімшісінің басшысы

ОРМАН – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАЙЛЫҒЫ, ӨРТ – ТАБИҒАТТЫҢ ҚАСІРЕТІ

Қазалы даласы кеңдігімен ғана емес, сайын сахарасын жасыл желекке бөлеп тұрған ормандарымен де қымбат. Сексеуілдің шоқ-шоқ болып өскен тоғайы – құмды тоқтатып тұрған тірек, аң-құстың панасы, болашақ ұрпаққа аманат. Бірақ, өкінішке қарай, бір сәттік немқұрайлық пен бейқамдық осы байлықты жалмап кетуі мүмкін.

Өрт – орман үшін ең үлкен қасірет. Жалын бір тұтанса, көп жылғы еңбекті, табиғаттың ондаған жылдар бойғы өсімін әп-сәтте күлге айналдырады. Әсіресе, жаз айларында, күннің аптабы күшейген шақта өрт қаупі артады. Бір тал сіріңке, бір тілім шоқ, дұрыс өшірілмеген от – мыңдаған гектар жасыл алқапты жойып жіберуі ықтимал.

Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі

мемлекеттік мекемесінің орманшы (инспекторлар) күндіз-түні табиғатты күзетіп, өрттің алдын алуға жұмыстар атқарып келеді. Дегенмен, табиғатты қорғау тек мамандардың ғана емес, барша тұрғынның ортақ борышы екенін ұмытпауымыз керек.

Бір тал ағаш – бір тамшы су секілді қымбат. Әрбір жас шыбық – болашақтағы көлеңкеңіз, ертеңгі таза ауаңыз. Сондықтан баршамыздың міндетіміз – орманға қамқорлық жасау, өрттің алдын алу.

Орманды сақтау – туған жерге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Ендеше, Қазалының сайын даласын жалыннан аман сақтап, табиғатты қорғау – бәріміздің азаматтық парызымыз!

А. ТУЯҚБАЕВ,
Орман қорғау және күзету жөніндегі бас инженер

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар, жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Жемқорлық


Конститу-

ция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесінің статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Кеше ғана ортамызда жүрген еңбек ардагер, білікті маман, өз ісінің шебері, ұлағатты ұстаз Әбілтай Қабылбайұлы Алғашбаев 29 шілдеде өмірден озды. Әбілтай әкеміздің алғашқы мамандығы теміржолшы еді. Мектепте дене шынықтыру пәні мұғалімі жетіспегендіктен әкемізді №70 мектебіне мұғалім етіп жібереді. Өйткені ол жас кезінен жеңіл атлетикамен айналысқан.



Әбілтай әкеміз оқушыларға дене шынықтыру пәнінен сабақ бере жүріп, салауатты өмір

салтын қалыптастыруды қолға алған, көптеген шәкірттерді спортқа баулып шығарған. Аудан мектептері арасында спорттық жарыстар ұйымдастырған. Көп жыл мектептегі спорт секторының бірлестік жетекшісі болып, жас мұғалімдерге ақыл кеңесін беруден жалықпаған. Спорттағы тамаша бастамаларына ұйтық болып, батыл ұсыныстар мен терең ой пікірлер айтып отырған. Ол өз-өзіне деген биік талапшылдығы, білімге деген құштарлығы, мақсатқа жету жолындағы тынымсыз ізденісі арқасында әріптестерінен оқ бойы озық болатын.

Әкеміз өмірлік жары Тынықкүлмен үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Біз әке өмірін жалғастырудамыз. Абзал жан зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қарап отырмай өмірінің соңына дейін «Атамұра» ансамблінің мүшесі болып домбырасын қолынан тастамай ауданды аралап өзінің қоңыр дауысымен ән салып, халықты тәнті қылатын. Осындай адамгершілік міндетін мәнді де сәнді, мазмұнды атқарған әкеміз 88 жасқа қараған шағында келместің кемесіне мініп оралмайтын жаққа кете барды.

Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Балалары, бауырлары

ТІЛДЕР КҮНІ – РУХАНИ БІРЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

Қазақстан халқы үшін 5 қыркүйек – ерекше күн. Бұл дата елімізде Қазақстан халқы тілдері күні ретінде аталып өтеді. Мереке қазақтың ұлы ағартушысы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келіп, ұлттық руханият пен тілдің қадірін айқындай түседі.

Әр халықтың тілі – оның тарихы мен мәдениетінің айнасы. Тіл арқылы ұрпақтар сабақтастығы сақталып, дәстүр жалғасады. Қазақ тілі – біздің мемлекетіміздің мемлекеттік тілі, ұлттың айбыны мен мерейі. Тәуелсіздік алғаннан бері тіл мәртебесін көтеруге, оның қолдану аясын кеңейтуге ерекше мән берілуде.

Елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері татутәтті өмір сүріп келеді. Олардың әрқайсысының ана тіліне құрмет көрсетіліп, мектептерде оқытылып, мәдени орталықтар жұмыс істейді. Бұл – Қазақстан халқының бірлігін нығайтып, достықты арттыратын құндылық.

Тілдер күні – әр азаматқа ана тілін қадірлеуді, мемлекеттік тілді дәріптеуді еске салатын мереке. Ана тілімізді ардақтап, өзге

тілдерді де үйрену – өркениетті қоғамға тән қасиет. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген ұлағатты сөз осы мерекенің мәнін айқындайды.

Тіл – халықтың жаны, елдіктің негізі. Тілдер күні – барша қазақстандықтарды ортақ құндылықтарға, рухани бірлікке шақыратын мереке. Сондықтан әрқайсысымыз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, болашақ ұрпаққа таза әрі бай қалпында жеткізуге атсалысуымыз қажет.

5 ҚЫРКҮЙЕК ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ



Құлпараш ОРАЗАЛИЕВА,
Қазалы аудандық
соты әкімшісінің
жетекші маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.